

Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 3 мамырдағы N 45 өкімін іске асыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Өкімі 1999 жылғы 7 мамыр N 60-ө

1. Қазақстан Республикасы Президентінің "Мемлекеттік аппаратта тәртіпті күшейту жөніндегі шаралар туралы" 1999 жылғы 3 мамырдағы N 45 N990045_ өкімін басшылыққа және мүлтіксіз атқаруға қабылдасын:

2. Министрліктер мен агенттіктердің басшылары:

- кінәлі адамдарға атқаратын қызметінен босатуға дейін қатаң шаралар қолдана отырып, Мемлекет басшысының актілері мен тапсырмаларын уақтылы орындамаудың әрбір фактісі бойынша қызметтік тексерістер жүргізуді қамтамасыз етсін;

- алқаларда бақылау және атқарушылық тәртіп мәселелерін қарасын;

- тәртіптің жоқтығы мен формализмді жою, аппараттардың жұмысында тәртіп орнату, ұйымдастырушылық-бақылау және құжаттамалық бөлімшелерді кадрлық және техникалық жағынан нығайту, лауазымды тұлғалардың дербес жауаптылығын арттыру жөнінде нақты және сындарлы шаралар қабылдасын;

- бір апта мерзімде Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесіне қабылданған шаралар туралы ақпарат ұсынсын.

3. Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кеңсесінің Басшысы А.А.Тілеубердин Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесі бөлімшелерінің Мемлекет басшысының актілері мен тапсырмаларын, Үкіметтің шешімдерін, Премьер-Министрдің, оның орынбасарларының және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесі басшылығының тапсырмаларын уақтылы және түпкілікті атқаруын тиісті бақылауды қамтамасыз ететін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кеңсесінің осы мәселелер бойынша министрліктермен, агенттіктермен және ведомстволармен өзара іс-қимылын жақсартуға мүмкіндік беретін ұйымдастырушылық және техникалық шаралардың к е ш е н і н б е л г і л е с і н .

4. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесі:

- министрліктер, агенттіктер, ведомстволар және жергілікті атқарушы органдар аппараттарының Мемлекет басшысының, Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Премьер-Министрінің актілері мен тапсырмаларын атқаруды ұйымдастыру жөніндегі жұмыстарына ұдайы тексерістер жүргізу практикасын енгізсін;

- лауазымды тұлғаларды жазалау туралы қабылданған шешімдердің

олардың кінәсі дәрежесіне сәйкестігін тексерсін;

- 1999 жылдың мамыр-маусымында министрліктер мен агенттіктер басшыларының, қызметтің осы учаскесі үшін жауапты адамдардың қатысуымен бақылау жұмысын ұйымдастыру және іс қағаздарын жүргізу жөнінде семинар-кеңес өткізсін;

- орталық атқарушы органдар жүргізген жұмыстардың қорытындыланған нәтижелері бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі мәжілісінің қарауына атқарушылық тәртіп туралы мәселе енгізсін.

Премьер-Министрдің
міндетін атқарушы

Оқығандар:
Қобдалиева Н.
Омарбекова А.